

2024-2025 оқу жылына арналған мектепті дамыту бағдарламасын іске асыру бойынша Лозовое ауылының КММ «ЖОББМ» атқарылған жұмыс туралы есеп

2024-2025 оқу жылының қорытындысы бойынша Лозовое ауылының КММ «ЖОББМ»-де оқу үдерісін дамыту, материалдық-техникалық базаны нығайту, педагогикалық ұжымды қолдау, сондай-ақ заманауи білім беру технологияларын енгізу бағытында ауқымды жұмыстар атқарылды.

Сапалы білім беру: мазмұнын жаңарту, МЖБС іске асыру

Мектеп мұғалімдері заманауи оқыту әдістерін қолдануда. Оқу үдерісіне топтық, жеке, зерттеушілік және өздік жұмыс элементтері енгізілді. Бұл оқушылардың жеке оқу ерекшеліктерін ескеруге және олардың оқу мотивациясын арттыруға мүмкіндік береді.

Айта кету керек, бұл оң нәтиже берді – мектеп бойынша білім сапасы 4,65%-ға артты. 2023-2024 оқу жылында бұл көрсеткіш 65,45%-ды, ал 2024-2025 оқу жылында 70,1%-ды құрады.

Мектеп мұғалімдерінің кәсібилігін дамыту

Мектепте барлығы 15 педагог бар: олардың 13-і немесе 87%-ы жоғары білімді, 2-і немесе 13%-ы арнаулы орта білімді (біреуі ЖОО-да оқуда).

Мұғалімдердің біліктілігін тұрақты арттыру – олардың жұмыс сапасын жақсартуда маңызды рөл атқарады. Қазіргі таңда мектепте 7 педагог-сарапшы (47%), 6 модератор (40%) және 2 санатсыз мұғалім (13%) жұмыс істейді (олардың бірі – зейнеткер, онымен еңбек шарты оқу жылының соңына дейін жыл сайын жасалады).

2025 жылғы 1 қыркүйекке дейін мұғалімдердің 100%-ы біліктілік арттыру курстарынан өтті. Жоспарға сәйкес, педагогтар үш жылда бір рет қайта даярлау курстарынан өтеді.

Мектеп педагогтары кәсіби байқауларға қатысады. 2024-2025 оқу жылы бойынша нәтижелер: Әбеу Ж.А. – асық атудан 2 орын, Пономаренко В.Л. – «Алтын тұғыр» байқауының аудандық кезеңінде 3 орын, Сейдахметов Е.Т. – «Жұлдызды сәт» байқауының аудандық кезеңінде 3 орын.

Төмен үлгерімді оқушыларды қолдау және дарынды балалармен жұмыс жүйесін дамыту

2024-2025 оқу жылындағы олимпиадалар мен байқаулардың нәтижелері: республикалық пәндік олимпиадада жаратылыстану пәнінен 3 орын, «Алтын сақа» аудандық кезеңінде 2 және 3 орын, «Тіл – тәуелсіздік тұғыры»

байқауында 1 орын, «Жастар» спартакиадасында бес асықтан 2 орын – 3 грамота, «Үш бәйтерек» аудандық кезеңінде 1 орын, республикалық кезеңінде 2 орын, «Сөз маржан» байқауында 2 орын, бес асықтан «Үздік ойыншы» номинациясында диплом, «Алтын қазына» ауданында 2 орын, «Кенгуру» байқауында 2 орын, «Жұлдызды сәт» байқауының аудандық кезеңінде 3 орын, республикалық «Ақ бота» байқауында 9 оқушы 3 орын, «Тарих Ата» республикалық тарих олимпиадасында 7 оқушы 1 орын, 5 оқушы 3 орын, «Жастар» спартакиадасында облыс бойынша 3 грамота – 1 орын (қазіргі уақытта мектеп командасы Алматы қаласында өтетін республикалық кезеңге қатысуда). Сондай-ақ оқушылар қатысқан, бірақ жүлделі орын алмаған көптеген байқаулар болды. Дарынды балалармен жұмыс жеке тәсіл негізінде жүргізіледі, бұл олардың әлеуетін ашуға мүмкіндік береді.

Қауіпсіз білім беру ортасы, оқушылардың денсаулығын сақтау және нығайту

Мектеп – бұл тек білім беру ғана емес, сонымен қатар оқушылардың денсаулығын қорғау және салауатты өмір салтын ұстануға ынталандыруды көздейтін мекеме.

Мектепте денсаулықты нығайтуға бағытталған іс-шаралар өткізіледі, оқушылар жеке, әлеуметтік дағдыларды меңгеріп, салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған мінез-құлықтық ұстанымдарды дамытады, бұл олардың оқу жетістіктерін арттыруға әсер етеді.

Денсаулықты нығайту саясатын іске асыру балалар мен ересектер үшін әлеуметтік, физикалық және психологиялық тұрғыдан қауіпсіз әрі қолайлы орта құруға көмектеседі, оқушылардың өз денсаулығына және қоршаған ортаның денсаулығына саналы қарауын қалыптастырады.

Мектептегі тәрбие жұмысын жетілдіру

Мектептің тәрбие жұмысы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде жүргізіледі. Барлық іс-шаралар мектептің тәрбие жоспарына сәйкес өткізіліп, мектеп сайты мен әлеуметтік желілерде жарияланып отырады.

Мектептің материалдық-техникалық базасы

Материалдық-техникалық база – білім беру ұйымының жұмыс істеуі мен даму бағдарламасын іске асырудың қажетті шарты. Бұл оқу үдерісінде инновациялық технологияларды қолдануға, оқыту әдістері мен формаларын әртараптандыруға мүмкіндік береді.

2024-2025 оқу жылының басында мектепке 5 оқу кабинеті үшін жаңа жиһаз (оқушы парталары мен орындықтары, мұғалім үстелдері, шкафтар)

жеткізілді. 2024 жылдың соңында заманауи үлгідегі биология кабинеті орнатылды. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін 2 жиынтық кеңсе техникасы алынды. Спонсорлық көмек арқылы акт залы жабдықталды. Барлық кабинеттер мен оқу бөлмелері жергілікті желі мен интернет-ресурстарға қосылған.

Қорытынды: Лозовое ауылының КММ «ЖОББМ»-нің 2023-2028 жылдарға арналған даму бағдарламасын іске асыру нәтижесінде 2024 жылға қойылған мақсаттар мен міндеттер толық көлемде орындалды. Бұл көрсеткіштер арқылы дәлелденеді.

Міндеттер: 2026 жылы даму бағдарламасының нысаналы индикаторларын жүзеге асыру бойынша жұмысты жалғастыру.

Ұсыныстар:

1. Оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарға педагогтердің біліктілік санатын арттыру бойынша әдістемелік қолдауды жалғастыру.
2. Мектеп шаруашысына мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту бойынша жұмысты жалғастыру.
3. Дарынды балаларды қолдау мақсатында оқушыларды олимпиадаларға, шығармашылық байқауларға және спорттық жарыстарға дайындау жұмысын жандандыру.
4. Мектептегі зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған ден қою, өмірлік дағдыларды қалыптастыру және суицидтің алдын алу жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу (ОТІЖО, педагог-психолог, сынып жетекшілер).
5. «Қауіп тобына» жататын балаларды ерте анықтап, уақытылы көмек көрсету, буллингтің алдын алу үшін мектептің психологиялық қызметінің жұмысын күшейту (педагог-психолог, сынып жетекшілер).
6. Мектепішілік бағалаудың (қалыптастырушы және жиынтық бағалау, балл) объективтілігін арттыру жұмыстарын жалғастыру (ОТІЖО, пән мұғалімдері).
7. Оқыту мен тәрбиелеуді біртұтас идеологиялық және құндылықтық тәсілдермен ұйымдастыру. Тәрбиелік жұмысты кешенді түрде, отбасы, мектеп және қоғамның кең қатысуымен жүргізу. Бұл ретте ата-аналармен және заңды өкілдермен өзара жауапкершілік қағидасы негізінде серіктестік орнатуға, тұлғааралық байланыстарды кеңейтуге ерекше назар аудару (ОТІЖО, педагогтер).
8. Оқушыларды бұқаралық спорт түрлерімен қамтуды арттыру бойынша жұмысты жалғастыру (ОТІЖО, дене шынықтыру мұғалімдері).

Оқу-тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары:

Н. Яцук